

**«Эйр Астана» АҚ-ның
Акционерлердің жалпы жиналысының
шешімімен бекітілді
2024 жылғы 08 ақпандағы №194 хаттама**

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ**

2024 жыл

МАЗМҰНЫ

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
А-БӨЛІМІ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ	6
В-БӨЛІМІ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ.....	7
1-ҚАҒИДАТ: Директорлар кеңесі	7
2-ҚАҒИДАТ: Міндеттерді бөлу	8
3-ҚАҒИДАТ: Директорлар кеңесінің құрамы мен ресурстары	9
4-ҚАҒИДАТ: Қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйесі	12
5-ҚАҒИДАТ: Акционерлердің құқықтары және олармен тиімді диалог құру.....	14
6-ҚАҒИДАТ: Қаржы жағдайы және перспективалар	15
7-ҚАҒИДАТ: Сыйақы.....	15
КОДЕКСТІ БЕКІТУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ	17

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

“Акционер/лер” - акцияның(лардың) немесе Қоғамның жаһандық депозитарлық қолхатының/ жаһандық депозитарлық қолхаттарының иесі болып табылатын тұлға.

“Акционерлердің жалпы жиналысы” – Қоғамның жоғары органы.

“Аудит жөніндегі комитет”— Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті.

“АХҚО қағидалары” - “Астана” Халықаралық қаржы орталығының қағидалары (2017 жылғы № FR0003 АХҚО қағидалары).

“Бас атқарушы директор” – Бас атқарушы директор, Қоғамның жалғыз атқарушы органы.

“Директор(лар)” – Директорлар кеңесінің мүшесі (мүшелері).

“Директорлар кеңесі” – Заңнамаға және/немесе Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басқаруды жүзеге асыратын Қоғамның органы.

“Жарғы” – Қоғамның Жарғысы.

“Заңнама” – Қазақстан Республикасының заңнамасы.

“Қоғам” – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы.

“Кодекс” - Қоғамның корпоративтік басқару кодексі.

“Комитет(тер)” – Директорлар кеңесінің комитеттері, соның ішінде Аудит жөніндегі комитет, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі құруы мүмкін өзге де комитеттер.

“Корпоративтік сайт” - Қоғамның веб-сайты (airastana.com).

“Корпоративтік хатшы” – Қоғамның Корпоративтік хатшысы.

“Листингтік ережелер” - ресми тізімге Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген кез келген қор биржасы жариялаған Листингтік ережелер.

“Мүдделі тараптар” – Заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтарын іске асыру Қоғам қызметімен байланысты тұлғалар.

“Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет” — Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті.

“Тәуелсіз директор/Тәуелсіз директорлар” – Заңнаманың тиісті талаптарын, нормативтік сипаттағы тиісті өлшемдерді, Директорлар кеңесі туралы ережені және Кодексті есепке ала отырып шығарылған Директорлар кеңесінің шешімімен тәуелсіз деп белгіленген директорлар.

“Төраға” – Директорлар кеңесінің Төрағасы.

“Ұлыбританияның КБК” - Ұлыбританияның Қаржылық есептілік кеңесі (Financial Reporting Council Limited) шығарған Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі (UK Corporate Governance Code).

“Үлестес тұлғалар” – тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың біреуімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау

функцияларын жүзеге асыратын органдарды қоспағанда) жеке және заңды тұлғалар. Қоғамның үлестес тұлғаларының толық анықтамасы мен тізбесі Заңнамада белгіленген.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қоғам корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес келуге, корпоративтік басқаруды үнемі жетілдіруге және дамытуға, сондай-ақ сыртқы мүдделі тұлғалар үшін басқару тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз етуге тырысады.

Осы Кодекстің мақсаты – Қоғам ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін іске асыруға тырысатын корпоративтік басқару қағидаттары мен стандарттарына қатысты басшылықты ұсыну. Кодекс Заңнамаға, АХҚО қағидаларына, Ұлыбританияның КБК-не және Жарғыға сәйкес әзірленді. Кодекс тұтастай алғанда үздік халықаралық тәжірибені сақтауға бағытталған және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын толықтырады.

Қоғам:

- а) Қоғамның нарықтық құнын барынша арттыру және қаржылық тұрақтылық пен пайдалылық сақтау мақсатында тиісті деңгейіндегі жауапкершілікпен, есеп берушілікпен және тиімділікпен басқаруға; және
- б) ашықтық пен ақпараттың тиісті түрде ашылуын, сондай-ақ қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге тырысады.

Осы Кодекс АХҚО қағидаларында баяндалған Қағидаттар мен Стандарттарға сәйкес келеді және Ұлыбританияның КБК-нің белгілі бір принциптерін қабылдайды. Осы Кодекстің кейбір стандарттары АХҚО қағидаларында және Ұлыбританияның КБК-нде белгіленгенмен салыстырғанда толығырақ басшылықты қамтиды, себебі олар Қоғамның корпоративтік мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасының бір бөлігін құрайды.

Қоғам жылдық есепке осы Кодексте белгіленген талаптардың орындалуы туралы ақпаратты енгізеді. Стандарттар толық болып табылмайды және Қоғам оның қағидаттарды орындауы мен Қоғамдағы сапалы әрі саналы корпоративтік басқаруға көмектесу үшін Заңнама талаптарын сақтай отырып қажетті кез келген қосымша іс-шаралар қолдануға құқылы.

А-БӨЛІМІ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғам Корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және Қоғам капиталын ұлғайту мақсатында шығындарды қысқарту құралы ретінде қарастырады.

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің негізінде әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіпқойлық және құзыреттілік принциптері жатады. Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі Қоғамның қызметіне мүдделі барлық тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді болжайды және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның нарықтық құнының өсуіне және қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті қолдауға ықпал етеді.

Осы бөлімде баяндалған корпоративтік басқару қағидаттары Қоғамды басқаруға байланысты туындайтын қатынастардағы сенімді құруға бағытталған және Кодексте белгіленген стандарттармен нығайтылады.

1-қағидат: Директорлар кеңесі

Қоғамда Қоғамның қызметін тиісінше және сапалы түрде басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті көтеретін тиімді Директорлар кеңесі жұмыс істеуі тиіс.

2-қағидат: Міндеттерді бөлу

Стратегиялық мақсаттарды белгілеуге және Қоғамның қызметін қадағалауға жауапты Директорлар кеңесі мен Директорлар Кеңесі белгілеген стратегиялық мақсаттар мен қатерлер параметрлеріне сәйкес және Жарғы мен Заңнама талаптарын сақтай отырып Қоғам қызметіне басшылық жасауға жауапты Бас атқарушы директор арасында міндеттер нақты бөлінуі тиіс.

3-қағидат: Директорлар кеңесінің құрамы мен ресурстары

Директорлар кеңесі мен оның комитеттері Қоғам қызметі саласындағы дағдылары, тәжірибесі, тәуелсіздігі және білімі тұрғысынан теңдестірілген болып, жеткілікті ресурстары, оның ішінде қажет болған жағдайда консультанттардың қызметтеріне, сондай-ақ Қоғам қызметі мәселелері бойынша уақытылы және толық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс.

4-қағидат: Қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

Директорлар кеңесі қатерлерді басқарудың, ішкі бақылау мен комплаенс-бақылаудың тиісті, тиімді, нақты құрылымдалған және интеграцияланған жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

5-қағидат: Акционерлердің құқықтары және олармен тиімді диалог құру

Директорлар кеңесі акционерлерге өз құқықтарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, акционерлермен және басқа да Мүдделі тұлғалармен тиімді түрде сұхбаттасуға ықпал ететін және миноритарлық акционерлердің құқықтарының бұзылуы мен қысымшылығының алдын алатын тиісті шараларды қолдану арқылы акционерлердің құқықтарын тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді.

6-қағидат: Қаржы жағдайы және перспективалар

Директорлар кеңесі қаржылық немесе өзге де есептілікте ішкі бақылау мен қатерлерді басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету және есептілік беруге талаптар қою арқылы Қоғамның қаржы жағдайы мен даму мүмкіншіліктеріне нақты, теңдестірілген және түсінікті баға беруді қамтамасыз етеді.

7-қағидат: Сыйақы

Директорлар кеңесі сыйақы жүйесі мен саясатының Қоғамның ұзақ мерзімді мүдделеріне, Жарғыға және Заңнамаға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

В-БӨЛІМІ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

1-ҚАҒИДАТ: Директорлар кеңесі

Қоғамда Қоғамның қызметін тиісінше және сапалы түрде басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті көтеретін тиімді Директорлар кеңесі жұмыс істеуі тиіс.

- 1.1. Директорлар кеңесінің рөлі Қоғам ұшырайтын қатерлерді анықтауға, бағалауға және тиімді түрде басқаруға мүмкіндік беретін бақылаудың тиісті және тиімді жүйесі аясында Қоғамның қызметін басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.2. Директорлар кеңесі іскерлік және стратегиялық мақсаттарды, сондай-ақ Қоғам қатерлерінің параметрлерін айқындайды, осындай мақсаттарға қол жеткізу үшін жеткілікті қаржылық және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді, осы мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу бойынша Қоғам басшылығының қызметін бағалайды, сондай-ақ Қоғамның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына ықпал етеді. Осы мақсаттарда Директорлар кеңесі:
 - а) ол стратегиялық мақсаттарға жету үшін қабылдауға дайын болатын айтарлықтай тәуекелдердің сипаты мен көлемдерін анықтауға;
 - б) Қоғамның құндылықтары мен стандарттарын белгілеуге, сондай-ақ мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерді түсінуді қалыптастыру мен олардың орындалуын қамтамасыз етуге;
 - в) стратегиялық шешімдер қабылдаған кезде қоршаған орта, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару сияқты тұрақты даму аспектілеріне назар аударуға міндетті;
 - г) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;
 - д) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.
- 1.3. Директорлар кеңесі өз міндеттерінің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін отырыстарын жеткілікті жиілікпен жүргізуі тиіс. Жарғыда шешімдерін Директорлар кеңесі қабылдауы тиіс мәселелер нақты айқындалуы тиіс.
- 1.4. Директорлар кеңесі Жарғыда және Директорлар кеңесі қабылдайтын ішкі құжаттарда Директорлар кеңесінің өкілеттігін, құрамы мен қызметінің тәртібін нақты белгілеуге, сондай-ақ осы мақсат үшін қажет болған кезде Жарғы мен тиісті ішкі құжаттарға тиісті өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауға тиісті.
- 1.5. Жылдық есеп Директорлар кеңесінің қызметі туралы есепті, сондай-ақ Директорлар кеңесінің есепті жыл бойынша өткізілген отырыстарының саны туралы мәліметтерді және қатысу туралы есепті қамтуы тиіс.

2-ҚАҒИДАТ: Міндеттерді бөлу

Стратегиялық мақсаттарды белгілеуге және Қоғамның қызметін қадағалауға жауапты Директорлар кеңесі мен Директорлар Кеңесі белгілеген стратегиялық мақсаттар мен қатерлер параметрлеріне сәйкес және Жарғы мен Заңнама талаптарын сақтай отырып Қоғам қызметіне басшылық жасауға жауапты Бас атқарушы директор арасында міндеттер нақты бөлінуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Бас атқарушы директор

- 2.1. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі мен Бас атқарушы директор арасындағы міндеттердің анық бөлінуін қамтамасыз етеді және осы мақсат үшін қажет болған жағдайда Жарғыға тиісті өзгерістер енгізуге бастамашылық жасайды. Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі мен Бас атқарушы директор арасындағы міндеттер теңдестіріліп бөлінуі және Заңнама талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ешбір тұлғаның шешімдер қабылдау бойынша шектеусіз өкілеттігі болмауы тиіс. Қоғам органдарының өкілеттіктері төмендегідей анық бөлінуі тиіс:
- а) Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлайды және сыртқы аудиторды анықтайды, акционерлердің құқықтарын қозғайтын негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
 - б) Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды;
 - в) Бас атқарушы директор Жарғы мен Заңнамада көзделген өкілеттіктерге сәйкес Қоғам қызметіне Директорлар кеңесі белгілеген стратегиялық мақсаттар мен тәуекелдер параметрлеріне сәйкес ағымдағы басшылық жасайды.

Төраға және Бас атқарушы директор

- 2.2. Директорлар Кеңесі Төрағасының және Бас атқарушы директордың лауазымдарын бір тұлға атқармауы тиіс.
- 2.3. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысында Төраға мен Бас атқарушы директор арасындағы міндеттердің анық бөлінуін қамтамасыз етеді және осы мақсат үшін қажет болған жағдайда Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге бастамашылық жасайды.
- 2.4. Төраға Заңнамада, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне басшылық ету, оның барлық функцияларының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру үшін жауап береді.
- 2.5. Қоғам Төрағаның тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келуін талап ететін АХҚО қағидаларының және Ұлыбританияның КБК-нің стандартын мойындайды. Алайда, Жарғы ережелеріне сәйкес тәуелсіздік критерийлерге сәйкес келмейтін тұлға Төраға болып сайлануы мүмкін. Мұндай жағдайда, Қоғам жылдық есепте АХҚО қағидаларына және Ұлыбритания ҚКК ережелеріне сәйкессіздікті мәлімдейді.. Директорлар кеңесі өзінің тәуелсіздігінің жеткілікті дәрежесін және барлық Акционерлер мен өзге де Мүдделі тұлғалардың мүддесінде өз функцияларының тиісті орындалуын қамтамасыз ететін тиісті жеңілдететін шаралардың қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс. Осындай жеңілдететін шаралар жылдық есепте қысқаша түрде баяндалуы тиіс.
- 2.6. Қоғамның жылдық есебінде Төраға мен Бас атқарушы директор туралы мәліметтер, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Бас атқарушы директордың құзыретіне жататын мәселелер туралы жалпы ақпарат баяндалуы тиіс.

3-ҚАҒИДАТ: Директорлар кеңесінің құрамы мен ресурстары

Директорлар кеңесі мен оның комитеттері Қоғам қызметі саласындағы дағдылары, тәжірибесі, тәуелсіздігі және білімі тұрғысынан теңдестірілген болып, жеткілікті ресурстары, оның ішінде қажет болған жағдайда консультанттардың қызметтеріне, сондай-ақ Қоғам қызметі мәселелері бойынша уақытылы және толық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс.

Дағдылар мен тәуелсіздік балансы

- 3.1. Директорлар кеңесінің тиімділігінің негізіндегі маңызды фактор – Директорлар кеңесінің Қоғам қызметінің сипатын, мөлшерін және күрделілігін ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті дағдыларының, құзыреттері мен ресурстарының болуы.
- 3.2. Ешбір Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің барлық функцияларын іске асыру үшін қажетті білімнің, дағдылар мен құзыреттердің толық жиынына ие болмауы әбден мүмкін. Директорлар кеңесінің Қоғам қызметінің сипатына, масштабы мен күрделілігіне сәйкес білімнің, дағдылар мен құзыреттердің жалпы тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін мүшелерінің қажетті саны мен құрамы болуы тиіс.
- 3.3. Директорлар кеңесінің қажетті дағдыларын, құзыреттері мен ресурстарын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің құрамына директорларды сайлауға ұсыну мен сайлау бойынша ресми, егжей-тегжейлі және ашық процедура жұмыс істеуі тиіс. Директорларды сайлауға ұсыну Директорлар кеңесі құрамының әртүрлі болуын қамтамасыз ету қажеттілігін сондай-ақ Жарғы мен Заңнама талаптарына сәйкестігін тиісті түрде ескере отырып, жасалған еңбегі мен объективті өлшемдерге негізделуі тиіс. Сайлауға ұсынылатын директорлардың өз міндеттерін орындауға жеткілікті уақыт бөлу мүмкіндігіне ие болуы тиіс екенін есепке алу керек. Бұл әсіресе төрағалық етуші директорлар үшін маңызды болады.
- 3.4. Барлық Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттемелерін тиімді орындаған жағдайда жүйелі түрде қайта сайлану үшін ұсынылып тұрады. Егер Заңнама талаптарында өзгеше көзделмесе, барлық Директорлар кеңесінің мүшелерді акционерлер кумулятивті дауыс беру арқылы сайлайды. Әдеттегі жағдайларда Директорлар кеңесінің қайта сайлау мерзімі 3 (үш) жылдан аспауы тиіс, ал Жарғы талаптарына сәйкес 2 (екі) жылдан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің үздіксіз тиімді қызметін, оның ішінде Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауының әділдігін және дағдылар мен тәжірибенің теңгерімін сақтау мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері, Бас атқарушы директор және Қоғамның жоғары басшылық үшін ауыспалылықты тиісінше жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Төраға

- 3.5. Төрағаны тағайындау үшін біліктілік талаптары белгіленеді және Төраға міндеттерін орындау үшін (оның ішінде дағдарысты жағдайларда да) бөлуге тиісті болжалды уақытты бағалауды қоса алғанда, белгіленген өлшемдерге сәйкес объективті бағалау жүргізіледі. Әдеттегідей, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет бұл функцияны өзіне алу керек. Директорлар кеңесінің мүшелері Төрағаның тағайындалуына дейін оның өзге де маңызды міндеттемелері жөнінде хабардар етілуі тиіс және осы ақпарат жылдық есепте ашылуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері осындай міндеттемелердегі өзгерістер жөнінде олардың пайда болуына қарай хабардар етілуі тиіс, ал олардың салдары келесі жылдық есепте түсіндірілуі тиіс. Егер Төрағаны ірі акционер тағайындаған Директорлар кеңесінің мүшелерінің арасынан таңдау қажет болса, Қоғам осы тармақтың ережелерін толық орындай алмауы мүмкін екенін мойындайды.
- 3.6. Төраға жаңа Директорлар кеңесінің мүшелерінің қызметке кірісу процедурасынан тиісті түрде өтуін қамтамасыз етеді. Төраға Директорлар кеңесінің құрамында да, сондай-ақ комитеттер құрамында да Директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттерін орындау үшін қажетті

дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіріп отыруын қамтамасыз етеді. Барлық Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам туралы қажетті білімі болуы тиіс және өз міндеттерін орындау мақсатында Қоғам ресурстарын пайдалануға тиісті рұқсаты болуы тиіс.

- 3.7. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерінің дамуы және білімдері мен дағдыларын өзектілендіру үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз етуі керек. Төраға жүйелі түрде әр Директорлар кеңесінің мүшесімен оқудан өту мен дамудағы жеке қажеттіліктерді бағалауы және келісімге алуы тиіс.

Атқарушы және атқарушы емес директорлар

- 3.8. Директорлар кеңесінің құрамында атқарушы және атқарушы емес (соған қоса тәуелсіз атқарушы емес) директорлар болуы тиіс. Бірде-бір тұлға немесе тұлғалардың тобы Директорлар кеңесінің шешім қабылдау процесіне басымдықты әсер ете алмайды. Директорлар кеңесі құрамының кемінде үштен бір бөлігін тәуелсіз атқарушы емес директорлар құруы тиіс.
- 3.9. Атқарушы емес директор жүргізілген бағалауға сәйкес Директорлар кеңесі және Заңнама белгілеген тәуелсіздіктің объективті критерийлеріне сәйкес келетін болса, Директорлар кеңесі осындай директорды «тәуелсіз» деп тануы тиіс. Осындай тәуелсіздік критерийлері тұлғаның тәуелсіздігін, коммерциялық немесе өзге де қатынастар немесе Қоғам мүддесіне қатысты емес түрде ой-пікірін білдіру қабілетіне әсер ететін немесе оны бұзуы мүмкін жағдайлар болмағанда, тұлғаның шешім қабылдаған кезіндегі сипаты мен ой-пікірі бойынша ескеруі керек. Осындай критерийлерге сәйкес тәуелсіздікті бағалаған кезде Директорлар кеңесі осындай тұлғаға төмендегілердің қолданатынын не қолданылмайтынын ескеруі тиіс:
- а) тоғыз жылдан аса Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады; немесе
 - б) соңғы 5 (бес) жылдың ішінде Қоғамның немесе Қоғамның үлестес тұлғасының қызметкері болып табылады; немесе
 - в) Қоғаммен тікелей немесе серіктес, Акционер, Директор немесе Бас атқарушы директор/Қоғаммен қатынаста тарап болып табылатын басқа заңды тұлғаның басқарма мүшесі ретінде елеулі іскерлік қатынастары бар немесе соңғы 3 (үш) жыл ішінде болған; немесе
 - г) Қоғамнан Директордың сыйақысына қосымша сыйақы немесе төлемдер алып тұрады немесе соңғы 3 (үш) жыл ішінде алып тұрған, немесе Қоғам жұмысының қорытындысы бойынша опциондық бағдарламаға немесе сыйақы жүйесіне қатысады немесе Қоғамның зейнетақы бағдарламасының қатысушысы болып табылады; немесе
 - д) Қоғамның сыртқы аудитору болып табылатын фирма директорының, серіктесінің немесе жұмыскерінің лауазымын атқарады немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде атқарды; немесе
 - е) Қоғамның қандай да бір консультантының, Директорының немесе Бас атқарушы директорының жақын туысы болып табылады; немесе
 - ж) директор болып табылады немесе сонымен бір уақытта басқа ұйымдарға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен айтарлықтай байланыстары бар; немесе
 - з) ірі Акционердің мүдделерін білдіреді немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде Акционердің директоры, серіктесі немесе жұмыскері болып табылады; немесе
 - и) мемлекеттік лауазымдық тұлға немесе мемлекеттік қызметкер болып табылады; немесе
 - к) Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылады немесе өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде ондай болған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда); немесе
 - л) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылады; немесе

- м) Қоғамның немесе Қоғам ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы бар және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болған; немесе
 - н) Қоғам органдарының отырыстарында Акционер өкілі болып табылады және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болған.
- 3.10. Атқарушы емес директорды сайлау мерзімі мен шарттары туралы ақпарат Акционер немесе Мүдделі тұлғаның сұрауы кезде Қоғамның заңды мекенжайы бойынша жұмыс уақыты ішінде және Заңнама талаптарын сақтаумен қолжетімді болуы тиіс. Директор өз міндеттерін орындауға бөлуге тиісті болжалды уақыт туралы ақпарат шартта көрсетіледі, оның ережелеріне сәйкес атқарушы емес директорлар өз функцияларын орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу міндеттемесін өзіне алады. Басқа ұйымдарда атқарылатын лауазымдары мен бұл үшін бөлінетін уақыты көрсетілген ақпарат атқарушы емес Директордың сайлануына дейін Директорлар кеңесіне хабарлануы тиіс. Мұндай міндеттемелерге енгізілетін кейінгі өзгерістер Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлануы тиіс.
- 3.11. Тәуелсіз директорлар, аға тәуелсіз Директор (бар болса), сондай-ақ Директорлар кеңесінің Төрағасы және әр Комитетінің мүшелері ретінде белгіленген барлық атқарушы емес Директорлар туралы мәліметтер Қоғамның жылдық есебінде қамтылуы тиіс. Сонымен бірге онда әр Директор Директорлар кеңесіне енгізетін тиісті дағдылар мен құзыреттер, әрбір Комитеттің өткізілген мәжілістерінің саны, сондай-ақ мәжілістерге жеке қатысушылық туралы ақпарат көрсетіледі.
- 3.12. Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде міндеттемелерін орындау аясында атқарушы емес Директорлар сындарлы талқылаулар жүргізуге және Қоғамның іскерлік мақсаттары мен стратегиясын әзірлеуге жәрдемдесуі тиісті. Атқарушы емес Директорлар бекітілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Бас атқарушы директор мен басшылық қызметінің нәтижелерін мұқият бағалауы, сондай-ақ олардың қызметінің нәтижелері туралы есептерге мониторинг жүргізуі тиіс.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

- 3.13. Директорлар кеңесі сайлануы/тағайындалуы Жарғы талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын Директорлар кеңесінің мүшелерін, Бас атқарушы директорды сайлауға ұсыну және Қоғамның басшылықты тағайындауға ұсыну процесіне басшылық жасауға жауапты Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетті құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиісті. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі Комитет Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар дайындайды. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болуы керек. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің Төрағасы Тәуелсіз директор болуы керек.
- 3.14. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қызметінің құзыреті, құрамы және процедуралары нақты белгіленуі тиіс. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Комитеттің рөлін және өкілеттіктерін белгілейтін ережені Корпоративтік сайтында жариялауы тиіс.
- 3.15. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларының, білімінің, тәуелсіздігі мен тәжірибесінің балансын бағалайды, осындай бағалау нәтижелерінің негізінде нақты бір директордың рөліне үміткердің қажетті функциялары мен дағдыларына қойылатын талаптарды дайындайды.
- 3.16. Жылдық есептің бөлек бөлімінде Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің қызметі туралы ақпарат, соның ішінде Директорлар кеңесіне сайлау процедурасы туралы мәліметтер қамтылуы керек. Директорлар кеңесінің Төрағасын немесе атқарушы емес Директорды тағайындаған кезде сыртқы консультанттар тартылмаған болса немесе ашық конкурс жүргізілмесе, бұл жөнінде тиісті түсіндірме ұсынылуы тиіс.

Корпоративтік хатшы

- 3.17. Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері аясында, Бас атқарушы директор, Қоғамның менеджерлер және атқарушы емес Директорлар арасында ақпарат алмасу арналарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерін лауазымымен таныстыру және кәсіби дамыту процедурасын ұйымдастыруды қамтуы тиіс. Сонымен бірге Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі қызметі процедураларының толық орындалуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесіне Төрағасы арқылы Қоғамның қызметін басқаруға қатысты барлық мәселелер бойынша кеңестер беру үшін жауапты болады.
- 3.18. Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Ақпараттық қамсыздандыру және қолдау

- 3.19. Барлық Директорлар кеңесінің мүшелері атқаратын функцияларын ескере отырып оларға өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін Қоғам қызметінің мәселелері бойынша уақытылы, нақты және түсінікті ақпаратты алып отыруы тиіс. Төраға Директорлар кеңесінің мүшелерінің осындай ақпаратты алуы үшін жауапты. Бас атқарушы директор және басшылық осындай ақпаратты беруге міндетті, ал Директорлар кеңесінің мүшелері қажет болған жағдайда түсініктемелерді немесе толық мән-жайлы ақпаратты сұрау керек. Барлық Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі қызметінің процедураларына сәйкестікті қамтамасыз етуге тиісті болатын Қоғамның Корпоративтік хатшысының консультациялары мен өзге де қызметтерін алу мүмкіндігі болуы тиіс.
- 3.20. Директорлар кеңесі Директорлар, атап айтқанда атқарушы емес Директорлар үшін өз функциялары мен міндеттерін орындау үшін қажет болған жағдайларда Қоғам қаражаты есебінен тәуелсіз консультанттардың қызметтері қолжетімді екеніне көз жеткізуі тиіс. Комитеттерге олардың функциялары мен міндеттерін тиімді іске асыру мақсатында ақпараттық қамсыздандыруды етуді қоса алғанда, жеткілікті ресурстар берілуі тиіс.

Қызметті бағалау

- 3.21. Директорлар кеңесі кемінде жыл сайын Директорлар кеңесі және оның Комитеттері қызметінің нәтижелерін ресми және тиянақты түрде бағалайды.
- 3.22. Төраға Директорлар кеңесінің мықты және осал жақтарын ескере отырып, қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша шаралар қолданады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамы мен қызметінің процедураларына өзгерістер енгізу бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қажетті ұсынымдар енгізеді.
- 3.23. Директорлар кеңесі жылдық есепте Директорлар кеңесі және оның Комитеттері қызметінің нәтижелерін бағалау процедурасын ашып көрсетуі тиіс.

4-ҚАҒИДАТ: Қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

Директорлар кеңесі қатерлерді басқарудың, ішкі бақылау мен комплаенс-бақылаудың тиісті, тиімді, нақты құрылымдалған және интеграцияланған жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

- 4.1. Жылына кем дегенде бір рет Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және комплаенс-бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізіп, осындай бағалауды жүргізгені жөнінде Акционерлерге хабарлауы тиіс. Бағалау басқару жүйелерін, қаржылық, операциялық және комплаенс-бақылауларды, сондай-ақ қатерлерді басқару жүйесін қоса алғанда, маңызды бақылаулардың барлық салаларын қамтуы тиіс. Мұндай талапты орындау үшін Директорлар кеңесі бағалауды жүргізуді сыртқы аудиторға тапсыруға құқылы. Сыртқы аудитор бағалау

нәтижелері жөнінде Директорлар кеңесіне есеп беруі тиіс. Директорлар кеңесі қаржылық ақпараттың тұтастығына, қаржылық бақылаулар мен қатерлерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне көз жеткізуі тиіс.

- 4.2. Директорлар кеңесі қаржылық есептілікті дайындау тәсілдерін және ішкі бақылау жүйелерін бағалау, сондай-ақ сыртқы аудиторлармен тиісті қатынастарды қалыптастыру бойынша ресми және ашық процедураларды енгізеді.
- 4.3. Директорлар кеңесі қызметтің айтарлықтай қатерлерін сәйкестендіру, бақылау және басқару саясаты мен процедураларын белгілейді және қолданылатын саясат пен процедуралар туралы қысқаша ақпаратты жылдық есепке енгізеді. Сонымен бірге Директорлар кеңесі Бас атқарушы директор және Қоғамның басшылығы айтарлықтай қатерлерді басқаруда тиісті қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қолдайтынына көз жеткізуі тиіс.

Аудит жөніндегі комитет

- 4.4. Директорлар кеңесі Қоғамның ішкі және сыртқы аудитіне, қатерлерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне мониторинг пен бағалау жүргізу мақсатында Аудит жөніндегі комитетті құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиісті. Аудит жөніндегі комитеттің негізгі функциялары мен міндеттері ережеде белгіленіп, Корпоративтік сайтта орналастырылып, кем дегенде төмендегілерді қамтуы тиіс:
 - а) Қоғамның қаржылық есептілігінің және Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелеріне қатысты кез келген ресми мәлімдемелердің тұтастығына мониторинг жүргізу, сондай-ақ оларда қамтылған маңызды ой-пікірлерді бағалау;
 - б) Қоғамның ішкі қаржылық бақылауларын, сондай-ақ, ішкі бақылау және қатерлерді басқару жүйелерін бағалау, сондай-ақ Директорлар кеңесіне Қоғамның қатерлерді басқару жөніндегі саясатына қатысты ұсыныстар беру және Қоғамның қатерлерді басқару жөніндегі саясатты және ішкі бақылау жөніндегі саясатты орындауын тексеру. Қоғамның қатерлерді басқару бөлімшесінің Қоғам қатерлерінің профилі және қатерлерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есептерін бағалау және жүйелі түрде қарастыру;
 - в) Қоғамның ішкі аудит қызметінің тиімділігіне мониторинг пен бағалау жүргізу;
 - г) Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның (сыртқы аудитордың), сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындауға қатысты ұсыныстар беру;
 - д) Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына, өкілеттік мерзіміне, оның басшысы мен мүшелерін тағайындауға, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауға қатысты ұсыныстар беру;
 - е) сыртқы аудитордың тәуелсіздігі мен пікірлерінің әділдігіне, сондай-ақ аудит процесінің тиімділігіне бағалау мен мониторинг жүргізу;
 - ж) аудит жөніндегі қызметке жатпайтын қызметтерді көрсету мақсатында сыртқы аудиторды тарту бойынша саясатты әзірлеу және енгізуге қатысты ұсыныстар беру;
 - з) қолданыстағы процедуралар осындай мәселелер бойынша мөлшерлес және тәуелсіз тексеру жүргізуді және тиісті түзету шараларын қолдануды қамтамасыз етуі үшін қызметкерлер қаржылық есептілік саласындағы немесе басқа да мәселелер бойынша ықтимал бұзушылықтар туралы мәселелерді құпия түрде қозғай алатын процедуралардың келістілігін бағалау;

- и) комплаенс мәселелері жөніндегі департаменті басшысының тұрақты есептерін қарау, Қоғамның комплаенс мәселелері жөніндегі департаменті жұмысының сапасы мен тиімділігін бақылау.
- 4.5. Аудит жөніндегі комитет тек Тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс. Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде тағайындалған кем дегенде бір Тәуелсіз директордың қаржы саласындағы өзекті және тиісті тәжірибесі болуы тиіс. Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы Тәуелсіз директор болуы керек.
- 4.6. Жылдық есептің жеке бөлімі Аудит жөніндегі комитеттің қызметі туралы есепті қамтуы тиіс. Сыртқы аудитор аудитке қатысты емес қызметтерді көрсеткен жағдайда, жылдық есепте Акционерлерге сыртқы аудитордың әділдігі мен тәуелсіздігінің қамтамасыз етілу жолдары да түсіндірілуі тиіс.

5-ҚАҒИДАТ: Акционерлердің құқықтары және олармен тиімді диалог құру

Директорлар кеңесі акционерлерге өз құқықтарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, акционерлермен және басқа да Мүдделі тұлғалармен тиімді түрде сұхбаттасуға ықпал ететін және миноритарлық акционерлердің құқықтарының бұзылуы мен қысымшылығының алдын алатын тиісті шараларды қолдану арқылы акционерлердің құқықтарын тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді.

- 5.1. Жалпы Директорлар кеңесі Акционерлермен сындарлы диалог құру үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай диалог Қоғам қызметінің мақсаттарын бірлесіп түсінуге және Қоғамға қатысты жеткілікті ақпаратты, соның ішінде қаржылық ақпарат пен Қоғам қызметінің тәртібі жөніндегі мәліметтерді ұсынуға негізделуі керек.
- 5.2. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын жылына кемінде бір рет өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.
- 5.3. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналыстарын Акционерлермен қарым-қатынас жасау және оларды Қоғам қызметіне қатысуға қызықтыру үшін пайдаланады. Жарғы мен Заңнама талаптарын сақтай отырып, Акционерлерге Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелеріне, Бас атқарушы директорға сұрақтар қоюға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне сұрақтар енгізуге және шешімдер ұсынуға мүмкіндік берілуі тиіс.
- 5.4. Акционерлердің әр жылдық жалпы жиналысында Қоғам күн тәртібінің әрбір мәселе бойынша, соның ішінде қаржылық есептілік мәселесі бойынша жеке шешім ұсынады. Акционерлер жеке түрде немесе жеке қатысуынсыз дауыс бере алады (Акционер үшінші тұлғаға немесе номиналды ұстаушының өкіліне берген сенімхат бойынша).
- 5.5. Төраға және басқа Директорлар, солардың ішінде атқарушы емес Директорлар ірі акционерлер тап болған қиындықтар мен мәселелерді түсіну үшін олармен бірлесіп іс-әрекет етуі тиіс. Директорлар кеңесі акционерлермен бірлесіп іс-әрекет етуге және Акционерлер қызметінің сипатын, көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ Акционерлер құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың пікірлерін аса жөнді және тиімді түрде есепке алуы тиіс. Корпоративтік сайтты Директорлар кеңесі жаңа стратегия, маңызды кездесулер мен басқа да іс-шаралар күнтізбесі сияқты ақпаратты орналастыруға арналған платформа ретінде пайдаланады.
- 5.6. Директорлар кеңесінің Төрағасы Акционерлердің пікірлері барлық Директорлар кеңесінің назарына жеткізілгеніне көз жеткізуі тиіс. Бұған қоса, Төраға Қоғамды басқаруға және оның стратегиясына қатысты мәселелерді тым болмағанда ірі Акционерлермен талқылауы керек. Атқарушы емес Директорларға ірі Акционерлермен кездесулерге қатысу мүмкіндігі берілуі тиіс.

Атқарушы емес директорлар осындай кездесулерге қатысады деп күтілуде (әсіресе ірі Акционерлер тарапынан тиісті сұраулар жіберілген жағдайда).

- 5.7. Директорлар кеңесі Акционерлердің құқықтарын бұзбау мақсатындағы жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің негізгі құқықтарына байланысты мәселелер бойынша басқа Акционерлерге хабарласуына кедергі келтіретін іс-әрекеттер қолданылмайтынына көз жеткізуі тиіс. Осыған ұқсас түрде Директорлар кеңесі миноритарлық Акционерлерді олардың құқықтарын бақылаушы немесе ірі Акционерлердің бұзуынан және олардың құқықтарына қысым көрсетуінен қорғайды.

Мүдделі тұлғалар

- 5.8. Қоғам Акционерлері Қоғамның мүдделі тұлғаларының негізгі тобын құрса да, Директорлар кеңесі операциялық қызметтің және бизнес-ортаның сипатына, көлемі мен күрделілігіне байланысты басқа да Мүдделі тұлғалармен тиісті байланысу жолдарының болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі ашық қол жеткізуге болатын немесе Қоғам қызметінің мәселелері бойынша Мүдделі тұлғалардың қандай да бір нақты тобына ашылатын ақпаратқа, сондай-ақ Корпоративтік сайтты немесе хабарлаудың нақты мақсаттарына арналған кез келген басқа арнаны пайдаланудың тиімділігіне бағалау жүргізеді.

6-қағидат: Қаржы жағдайы және перспективалар

Директорлар кеңесі қаржылық немесе өзге де есептілікте ішкі бақылау мен қатерлерді басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету және есептілік беруге талаптар қою арқылы Қоғамның қаржы жағдайы мен даму мүмкіншіліктеріне нақты, теңдестірілген және түсінікті баға беруді қамтамасыз етеді.

- 6.1. Сонымен қатар Директорлар кеңесінің Қоғамның қаржылық жағдайына және оның дамуына шынайы, теңдестірілген және анық баға беру жауапкершілігіне Қоғамның нарықтық құнына әсер ете алатын аралық және басқа да жария есептерді беру, сондай-ақ реттеуші органдарға есептер мен Заңнамаға немесе Листингтік ережелерге сәйкес берілуі талап етілетін ақпаратты беру кіреді.
- 6.2. Жылдық есепте Директорлар кеңесінің есеп пен қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапкершілігіне қатысты түсіндірмелері, сондай-ақ сыртқы аудитордың қаржылық есептілікті ұсынуға байланысты міндеттемелеріне қатысты мәлімдемесі ұсынылуы тиіс.
- 6.3. Директорлар кеңесі жылдық есепке Қоғамның ұзақ мерзімді перспективада (бизнес-үлгі) өз құнын қалыптастыру немесе сақтау жолдары туралы, сондай-ақ Қоғам мақсаттарына қол жеткізуге арналған стратегия туралы ақпаратты енгізуі тиіс.
- 6.4. Директорлар кеңесі жылдық және жартыжылдық қаржылық есептілікке қажет болған жағдайда растайтын жорамалдарды немесе қорытындыларды көрсете отырып, Қоғамның үздіксіз қызметі туралы мәлімдемені енгізуі тиіс.

7-ҚАҒИДАТ: Сыйақы

Директорлар кеңесі сыйақы жүйесі мен саясатының Қоғамның ұзақ мерзімді мүдделеріне, Жарғыға және Заңнамаға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Атқарушы және атқарушы емес Директорлар мен басшылардың сыйақылары

- 7.1. Директорлар мен Бас атқарушы директор сыйақысының деңгейі Қоғам қызметінің сипатын, көлемі мен күрделілігін ескере отырып, Директорлар мен Бас атқарушы директорды жалдау және ұстап қалу үшін, сонымен бірге тиімді басшылық етуді және табысты нәтижелерге қол жеткізуде Қоғамның қызметін басқаруды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Сонымен бірге Қоғам осындай мақсаттарға жету үшін қажеттіден жоғары болатын сыйақы деңгейіне жол бермеуі тиіс.

- 7.2. Қызмет нәтижелеріне байланысты болатын сыйақы элементтері Бас атқарушы директор мен Қоғамның басшылығының жалпы сыйақы пакетінің ақылға қонымды және ақталған үлесін құрауы және Қоғамның ұзақмерзімді мүдделері мен қызмет ету қабілеттілігіне ықпал етуі, олардың мүдделерін Акционерлердің және басқа да Мүдделі тұлғалардың мүдделерімен жақындастыруы, сондай-ақ осы тұлғаларды барынша тиімді қызметке ынталандыруы тиіс.
- 7.3. Атқарушы емес директорлар сыйақысының деңгейі болжалды уақыт шығындарын, орындалатын рөлге байланысты міндеттер көлемін, сондай-ақ шешім қабылдаған кездегі олардың пікірлерінің әділдігін көрсетуі тиіс. Қоғам атқарушы емес Тәуелсіз директорларға тек бекітілген жылдық сыйақы төлейді. Атқарушы емес Тәуелсіз директорлардың сыйақы пакетіне Қоғамның акцияларына опциондар, фантомдық акциялар немесе Қоғам акцияларына байланысты өзге де құралдар кірмеуі тиіс. Директорлар кеңесі мен Комитеттердің отырыстарына қатысу Директорлар кеңесі мүшесінің негізгі міндеті болып табылатындықтан, отырыстарға қатысқаны үшін сыйақы төленбейді. Қоғам Директорлар кеңесіне сыйақы беру жөнінде түсінікті саясатты әзірлеп, жария түрде ашуы тиіс.
- 7.4. Директорлар кеңесі атқарушы және атқарушы емес Директорларға сыйақы беру жөніндегі саясатты әзірлеудің ресми және ашық процедурасының, сондай-ақ кез келген жеке сыйақы пакетінің болуын қамтамасыз етуі тиіс. Тұлғаның өз сыйақысын белгілеу процедурасына қатысуына рұқсат етілмейді. Барлық сыйақыларға қатысты шешімдер Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсыныстарын ескере отырып қабылдау ең жақсы тәжірибе болып табылады.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

- 7.5. Директорлар кеңесі директорларға (оның ішінде Төрағаға), Бас атқарушы директорға және Жарғыға сәйкес тағайындалуы Директорлар кеңесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа Қоғамның аға менеджерлерге арналған сыйақыға бағалау жүргізу мақсатында Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетті құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет кем дегенде үш адамнан тұрып, олардың көпшілігі Тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің Төрағасы Тәуелсіз директор болуы керек. Сонымен бірге Директорлар кеңесінің төрағасы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі бола алады, бірақ Төрағасы бола алмайды.
- 7.6. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетке барлық атқарушы емес Директорлар мен Төраға (егер жарамды болса) сыйақысының деңгейін белгілеу бойынша ұсыныстар беру өкілеттіктері берілуі тиіс. Бұған қоса, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет ұсыныстар жасауға және осындай тұлғалардың шешім қабылдауындағы тәуелсіздікке немесе объективтілікке қатер төндірмейтініне көз жеткізу үшін Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесімен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен тағайындалатын Бас атқарушы директор мен Қоғамның аға менеджерлерінің сыйақы пакеттерінің деңгейлерін және құрылымын бақылауы тиіс, соның ішінде бақылау функцияларын жүзеге асыратын негізгі тұлғалар. Бақылау функцияларын жүзеге асыратын тұлғалардың сыйақысын белгілеген кезде олардың сыйақысы қызметі осы тұлғалармен бақыланатын және қадағаланатын Қоғам бөлімшелері жұмысының қаржылық көрсеткіштеріне маңызды түрде байланысты болмау керек екенін тиісті түрде ескеру қажет.
- 7.7. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қызметінің құзыреті, құрамы және процедуралары нақты белгіленуі тиіс. Сыйақылар жөніндегі комитет Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің рөлін және оның өкілеттіктерін белгілейтін ережені Қоғамның Корпоративтік сайтында жариялауы тиіс.
- 7.8. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет атқарушы емес директорлардың және Қоғамның аға менеджерлердің сыйақы деңгейін белгілеу мәселелері бойынша тартылатын сыртқы кеңесшілерді таңдауға қатысты Директорлар кеңесіне ұсынымдар үшін де жауапты. Кеңесшілер

тартылған жағдайда жылдық есепте олардың Қоғаммен қандай да бір өзге қатынастардың болуы туралы ақпарат ашылуы тиіс.

- 7.9. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар мен шығыстардың өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілуі тиіс.
- 7.10. Жылдық есепте сыйақы, атап айтқанда, атқарушы Директорлар мен Қоғам басшылығының сыйақысы қызметтің тиісті түрде ұйымдастырушылық және жеке нәтижелеріне байланысты екенін және жұмыс нәтижелеріне негізделген сыйақының қолданыстағы тиісті құрылымы осы тұлғалардың жол берілмейтін тәуекелдерге баруына ықпал етпейтінін көрсетуі тиіс Қоғамның жалпы саясаты мен сыйақы стратегиясы туралы жеткілікті мәліметтер қамтылуы тиіс.

КОДЕКСТІ БЕКІТУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Осы Кодекс оны Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткеннен кейін күшіне енеді, егер Акционерлердің жалпы жиналысының осындай шешімінде өзгеше көрсетілмесе. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар кез келген уақытта Акционерлер жалпы жиналысы шешімінің негізінде енгізілуі мүмкін.